

Жангелдин ауданы әкімінің 2024 жылғы 28 наурыздағы № 1 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Костанай облысы Жангелдин ауданы әкімінің 2025 жылғы 8 қаңтардағы № 1 шешімі

"Күқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі аудандық комиссиясының жоспардан тыс отырысының 2025 жылғы 05 қаңтардағы № 1 хаттамасына сәйкес Жангелдин ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. Жангелдин ауданы әкімінің 2024 жылғы 28 наурыздағы № 1 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Жангелдин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімге қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін ;

2) осы шешімнің Жангелдин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д. Бидашев